

Еліміздің әрі қарай жаңғыруының маңызды тірегі

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауының ерекше сипаты бар. Жолдау Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында Қазақстанның жүйелі жаңғыруы бойынша нақты іс шараларды қамтиды.

Елбасы өзінің Жолдауында барлық экономика және әлеуметтік салалар бойынша 10 негізгі мақсатты ұсынады, оның ішінде қазақстандық өнеркәсіптің, агроөнеркәсіп кешенінің, көлік-логистика инфрақұрылымының жаңғыруы мен цифрландырылуына аса мән беріп отыр.

Осы мақалада мен Елбасымыздың азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру көзделген тоғызыншы міндетіне нақтырақ тоқталғым келіп отыр.

Қазіргі уақытта «100 нақты қадам» Ұлт Жоспарын орындау барысында Қазақстанның сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда.

Өткен жылдың 21 желтоқсанында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»



Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Қолданыстағы заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіре қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді. Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды.

Ағымдағы жылдың 10 қаңтарында Мемлекет басшысы Тергеу соттарын құру жөніндегі Жарлыққа қол қойды. Жарлыққа сәйкес республиканың барлық 14 облыс орталығында, Астана мен Алматыда мамандандырылған тергеу соттары құрылды. Тергеу соттары адамның және азаматтардың конституциялық құқын шектейтін барлық тергеу қызметі жөніндегі өкілеттілікті тергеу судьясына біртіндеп беруді қамтамасыз ету арқылы сотта айыпталушы және қорғаушы арасындағы теңгерімді қамтамасыз етуді көздейтін Ұлт

Жоспарының 22-қадамын іске асыру мақсатында құрылды.

Сонымен қатар, Елбасы Жолдаудың тоғызыншы мақсатында мемлекеттік органдарындағы процестерді әрі қарай цифрландырудың маңызын тағы да атап өтті.

Осы жерде мен отандық «электрондық сот әділдігінің» жетістіктеріне нақтырақ тоқталғым келеді.

2016 жылдан бері республиканың барлық соттарында енгізілген автоматтандырылған құжат алмасу мен сот өндірісінің «Төрелік» жүйесі құжаттардың сот органында тіркеу, толық аяқталғанға дейін орындауға жолдау сәтіне толыққанды есеп пен бақылауды жүзеге асыруды көздейді. Оның бірегейлігі мынада, талап қою арыздарын (шағымдарын) қарауда олардың тіркелуінің мерзімдерінің сақталуына ғана емес жалпы процессуалдық мерзімдердің сақталуына автоматтандырылған

есеп пен бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Сот кабинеті» сервисі арқылы азамат, не оның өкілі немесе қорғаушысы кез келген уақытта өз үйінен, офисынан шықпай Интернет желісі арқылы электрондық нысанда арыз, өтініш, шағым немесе өтінішхат жіберуге, онлайн тәртіпте мемлекеттік бажды төлеуге, сот актісін қарауға, оның мәртебесін қарауға және сот актісін қағазға шығаруға, сонымен қатар, процессуалдық мерзімдерін бақылауға мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда «Сот кабинетінде» пайдаланушылар жібере алатын электронды арыздардың 57 түрі бар, сотқа берілетін арыздардың 90%-дан астамы электронды нысанда беріледі, «Сот кабинетінің» пайдаланушылары 180 мыңнан асып жығылады. Қазіргі кезде iOS, Android және WindowsPhone платформаларында «Мобильді сот кабинеті» қосымшасы қызмет жасайды.

Бүгінгі күні республика соттарының сот залдары дыбыс-, бейне жазу жүйесімен жабдықталған. Сот отырыстарының дыбыс-, бейне жазбалар сот талқылауының нақты бекітілуі үшін сот өндірісінде қолданылады. Сонымен бірге, сотқа қашықтықтан қатысуы қамтамасыз ете алатын, дыбыс-, бейне жазу жүйесі аясында соттар арасында бейнеконференция байланысты (телекөпір) ұйымдастыруға мүмкіндік бар. Бұл азаматтардың жол шығындарын қысқартып қана қоймай, қылмыстық істер бойынша сот процесінің қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге

мүмкіндік береді.

Өткен жылдың қыркүйек айында цифрландыру мәселесіне арналған Республикалық кеңестің шеңберінде Елбасына Жоғарғы Соттың Ахуалдық орталығы таныстырылды.

Ахуалдық орталық тікелей режимде соттар жұмысын бірыңғай мониторингілеу ж-ден астам көрсеткіш бойынша өзекті сот ақпаратын жинаумен және талдаумен айналысуға мүмкіндік береді. Сот статистикасын жүргізуге ерекше көңіл бөлінетін болады. Бұған қоса, Ахуалдық орталық республиканың барлық сот залдарында процестердің өту барысын қадағалайды. Бұл соттағы дерекі іс-қимылдарды, соның ішінде сот процесіне қатысушыларға төнген қауіпті тез арада анықтауға мүмкіндік береді.

Сонымен сот өндірісіне жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу Ұлт Жоспары аясында жүзеге асырылатын сот жүйесін жаңғыртудың маңызды бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауы біздің еліміздің әрі қарай жаңғыруына маңызды тірек болады және онда қойылған мақсаттар республиканың сот корпусының толық қолдауын табады.

Жолдыбай МЕТАЕВ,
Қостанай облысы
Жангелдин
аудандық сотының
төрағасы

Президент Жолдауын түсіндірді



Баршаға мәлім, Елбасының жыл сайынғы Жолдауы бұл жылы да жалғасын тапты. Нұрсұлтан Әбішұлының Жолдауы бүгін де біздің нақты бағыт-бағдарымызға айналған.

Елбасымыздың мұндай көрегендігі әлем жұртын әлі де таң қалдыруда. Биылғы Жолдауында «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» туралы 10 нақты міндет қойды.

Осыған орай 18 қаңтарда Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының акт залында академия қызметкерлері және 3-курс курсанттарының қатысуымен полиция капитаны Мырзабек Тойғанов Елбасымыздың аталмыш Жолдауын баршаға таныстырды. Үлкен экраннан Елбасының Жолдауын толық көрсетіп, қысқаша нақты 10 міндетті түсіндіріп өтті.

– Бұл тапсырмаларды орындау бүкіл Қазақстандықтар үшін негізгі міндеттер болып табылады. Ел Көшбасшысының Жолдауда айтқан әр тапсырмасын жұмыла атқаратын

болсақ, еліміздің экономикасы әлемдік державалардың терезесімен теңесуі анық. Иә, расында да Елбасының жолдауы елімізді биіктерге жетелейді. Ал біздің салаға қатысты не айтылғандығын қарастыратын болсақ, мәселен 9-шы міндетінде «Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі» туралы айтқан. Онда Ел Президенті «Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек» деген нақты тапсырмасы түп-тура мына бізге қарата айтылған, – деп қорытындылады Тойғанов мырза сөз соңында.

Тұрсынбай ДУМАНЖАН,
ҚР ИІМ Ш. Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясының
3-курс курсанты



Елбасы Жолдауы - ел дамуының айқын кепілі

2018 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

Елбасының Жолдауы саяси, экономикалық, сондай-ақ, стратегияның әлеуметтік бағыттары мен мемлекеттік тактикасын енгізеді.

Тоғызыншы міндетте жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі. Онда елімізде «жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса береді» және «көп жұмыс істеліп жатыр» деп айтылған. Мемлекеттік органдардағы процестерді, соның ішінде олардың халықпен және бизнеспен қарым-қатынасын цифрландыру маңызды болып саналады.

Атап айтқанда, азаматтар өз өтініштерінің қалай қарастырылып жатқанын көріп, дер кезінде сапалы жауап алуға тиіс.

Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда.

Заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіре қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді.

Заңнамаға Қазақстан Республикасының 11.12.2017 жылғы «Қазақстан Республикасы құқық қорғау қызметінің процестік негізін жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын күшейту

нормалары енгізіліп, оның репрессивтілігі төмендетілген, сондай-ақ, күдіктілердің қамауға алу мерзімі 72-ден 48-ге дейін қысқартылған. Электрондық іс жүргізу енгізілуде, Қостанай ст.ІІЖБ-де еліміздегі басқа да құқық қорғау органдарындағыдай қылмыстық қылық жасау фактілері бойынша қылмыстық істер бұйрықты өндіріс тәртібінде жолданады, ол сотқа дейінгі өндіріс уақытын қысқартып, қылмыстық істі сотта сотталушы мен күдіктіні шақыртусыз қарау мүмкіндігін жасап отыр.

Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды.

Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет.

Қоғамдық тәртіпті сақтау және қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында көшелерде және адам көп жиналатын қоғамдық орындарда бейнебақылау жүргізетін, азаматтарды анықтайтын және жол қозғалысын қадағалайтын интеллектуалды жүйелерді белсенді түрде енгізу керек.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Жолдауында нақты міндеттер қойылып, оларды көкейтесті шешу жолдары ұсынылған, олар нақты ойланған, уақытпен шындалған және Қазақстан Республикасының әрбір азаматының ойлануын қарастырған.

А. ИСИН,
Қостанай ст. ІІЖБ бастығы
полиция полковнигі

Мемлекеттік тілді білу – өмір талабы

Елбасымыз «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» – деп атап көрсеткен болатын. Осы ұстаным біздің темірқазығымыз болуы тиіс.

Мемлекеттік тілді меңгеру әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті саналып, жеке өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен қоғамдық өмірге араласуының белсенділігін айқындайтын ынталандырушы тетік болуға тиіс.

Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің қызметкерлеріне



Мемлекеттік тілді оқыту бойынша салтанатты түрде сертификаттар табыстау рәсімі өтті. Қостанай

облысы Ішкі істер департаментінің 54 қызметкері «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша өз білімдерін растап, сертификаттарға қол жеткізді. «Тілдарын» облыстық тілдерді оқыту орталығында екі жүзден астам қызметкерлер қазақ және ағылшын тілдері бойынша біліп алып жүр.

Облыстық ІД қызметкерлеріне сертификаттармен қатар мемлекеттік тілді насихаттау бойынша іс-шараларға белсенді қатысқандары үшін алғыс хаттары табысталды. Олардың ішінде ІД Күзет қызметін бақылау

бөлімінің инспекторы полиция майоры Темірбаева Алма, Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес басқармасының қызметкері Әлімғазин Қанат, инспектор-психолог Мекебаева Дамира және тағы басқалары бар.

Сондай-ақ, Қостанай облысы Ішкі істер департаментінің қызметкерлері арасында мемлекеттік тілді насихаттау мақсатында жыл сайын «Наурыз мейрамы», «Парасатты полиция», «Мемлекеттік тіл - Тәуелсіздік тірегі», «Өз кәсібіңізді үздігі» конкурстары ұйымдастырылады.

Бүгінгі таңда Қостанай облысы Ішкі істер департаментінде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, насихаттау бойынша түрлі конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, концерттік іс-шаралар ұйымдастырылуда. Еліміз егемендігін алғалы мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған ана тіліміз - қазақ тілі қанатын кеңге жайып келеді.

Әсемән ТҮГЕЛБАЕВА,
Қостанай облысы ІД
Мемлекеттік тіл және
ақпарат бөлімінің жетекші
маманы

Жұмыс кездесулері өткізілді

2018 жылғы 19 қаңтарда «ҚТЖ – Жүк тасымалы» – «Қостанай ЖТ бөлімшесі» АҚ филиалында «Дүниежүзілік экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі» полицей қызметінің бағыттары бойынша көрсеткіштерін жақсарту тақырыбына жұмыс кездесуі өткізілді.



Басқосуға қатысқан Қостанай станциясындағы ІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Өлеңұлы, Қостанай ст. ІЖБ қызметкерлері: Әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы полиция майоры Б.Б. Айсенов, ҚҚТ-ның аға инспекторы полиция майоры А.А. Раисов, «ҚТЖ – Жүк тасымалы» – «Қостанай ЖТ бөлімшесі» АҚ филиалының директоры Қайдаров Берік Молдабайұлы, Рудный қаласындағы «РЖДХ»- Аймақтық теміржол шаруашылығы ЖШС директоры Гульмирова Сара Айтжанқызы аталған мәселе бойынша қара пікір алмасты.

Алдымен Қостанай станциясындағы ІЖБ бастығының орынбасары полиция подполковнигі Мамбетов Жақсылық Өлеңұлы модератор болып сөз сөйлеп, аталған кездесудің көкейтестілігін атап өтті.

Әкімшілік полиция бөлімшесінің бастығы полиция майоры Б.Б. Айсенов Дүниежүзілік экономикалық форумының Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің полицей қызметінің бағыттары бойынша көрсеткіштерін («Полиция қызметінің сенімділігі», «Бизнеске қылмыс пен зорлық-зомбылық салдарынан келтірілген кедергілер», «Ұйымдасқан қылмыс») жақсартуын түсіндірді.

Кездесу барысында орта және шағын бизнестің заңды мүдделеріне нұқсан келтірумен байланысты нақты жағдайларды шешуіне баса назар аударылды.

Қостанай ст. ІЖБ
Мемлекеттік тіл және ақпарат тобы

Темір жол және көлік объектілерінде көші-қон бақылауын жүзеге асыру, сондай-ақ, Қостанай станциясындағы ІЖБ қызмет көрсету учаскесінде көші-қонмен күрес жүргізу бойынша жедел жағдайды бақылау мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастыру дөңгелегі айналған.

Осы орайда жақында ҚР ҰҚК ШҚ-мен әкімшілік құқық бұзушылықтарды, қылмыстарды анықтау және ашу, жолын кесу сондай-ақ, көші-қон заңнамасын бұзу бойынша бірлескен жоспарға сәйкес ҚР ҰҚК ШҚ-мен, 2031 әскери бөлімімен, көлік және шекара бақылау бөлімінің «Қостанай» (авиациялық) қызметкерлерімен жұмыс кездесуі өткізілгендігін айта кетуге болады.

Кездесуде шетел азаматтарының қолданыстағы Қазақстан Республикасының көші-қон заңнамасын бақылауын қамтамасыз ету бойынша мәселелері, шетел және азаматтығы жоқ азаматтары Қазақстан Республикасында болу ережелерін бұзу фактілері туралы ақпаратпен уақтылы алмасу, авиарейстеріне бірге жұмыс жүргізу, сондай-ақ, 2017 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының ӘҚБТК-не өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңы қаралды.

Е. ЕЛУКЕНОВ,
Құсмұрын ст. ЖІБ бастығы
полиция капитаны

Қостанай ст. ІЖБ
Көші-қон қызметі тобы

Ақпаратты пайдалана білген, өзін де ұстана біледі

Қазақстан Республикасы ІІМ құқық қорғау органының жүйесінде стрестік (есеңгіреу, торығу, түңілу) жағдайдың алдын алуды құрастырудың ең бастысы психологиялық білім берілуі, инспектор-психологтың жүзеге асыруы болып саналады.

Ішкі істер органында дағдарыс жағдайында алдын алу жұмыстың ажырамас бір бөлігі болуы маңызды. Негізгі басымдылықтың бағыты болып психологиялық денсаулық мәселесі бойынша маманды шақыру болып саналады. Сонымен, Қостанай облысының Мамандандырылған күзет қызметі басқармасында 2018 жылғы 16 қаңтарда қызметкерлердің психикалық денсаулығына арналған тәжірибелік семинар өткізілді. Жеке құрамы үшін психикалық денсаулықты құру туралы мәселелерді шешу бойынша бағдарламаны жүзеге асыру шегінде, «Қостанай

облысының Медиация қауымдастығы» АФ-ның төрағасы Игорь Александрович Зуев дәріс оқыды. Тәжірибелі психолог стрестік жағдайдың негізін, стрестің пайда болу себептерін, стрестің өткір жағдайынан шығу тәсілдерін түсіндірді. Жеке құраммен әңгімелесуде дағдарыс жағдайының белгілері қарастырылды. И. Зуев «Қазіргі кезде құқық қорғау органындағы стрестік жағдайлар күйзелістің дамуының ажырамас бөлігі болып саналады». Күйзелісті болдырмаудың негізі босансу (релаксация), тынысалу жаттығуын жасау болып саналады. Әр адам өздігінен сезімге бой алдырмау жағдайын басқара алады».

Жеке құрам үшін кадр жұмысы аға инспектор-психолог полиция аға лейтенанты Ирина Борисовна Руди құқық қорғау органы қызметкерлерінің психологиялық тұрақтылығы және шиеленіс жағдайларда өзін ұстай алуы туралы сұрақтарды түсіндірді.

Аға инспектор-психолог

адамдардың кез келген жұмыстарды орындау үрдісінде, күшті және жүйкелі-психологиялық салмақты сезіну тәнті қасиет екенін айтып берді. Азғана, үнемі әрекеттегі күшті немесе маңызды бір реттілік күштері санасыз реттейтін табиғи механизмге қосылады, сондықтан адам өз бойынан осындай күшті саналы өткізуге қатысады. Көбіне адам өмірінде өзін реттейтін табиғи интуициялық сезімді пайдаланады: олар ұзақ ұйқы, дәмді тамақ, жануарлармен, табиғатпен араласу, монша, ысқылау, қозғалыс, би және т.б.

Адам ұзақ стрестік жағдайда өзіне сөйлеу, ойлау, ойда бейнелеу және тыныс арқылы демалу, өзінің денесін басқаруды дамытуы керек.

Іс-шараның соңында қалалық мешіттің наиб-имамы Дайыр Дүйсен «Өнегелік және парасаттылық» тақырыбын аңгімеледі. Өз аңгімесінің барысында тек қана өнегелік пен парасаттылықты ғана айтып қоймай, сонымен бірге адамның басқа да

құндылықтары туралы, қарапайым адамға сенімнің маңызды екеніне көңіл бөлің және діннің жаңа замандағы көмекші қажеттілігі болып саналатынын түсіндірді.

Имам оң ойлауды (позитивті) қабылдаудың маңызды екеніне біраз мысалдар келтірді, көңілге алмау, күнделікті өмірде ойлауды оң қабылдай алу үлкен рөл алатынын айтты. Мешіттің өкілі оң ойлауды айта келіп, сенімнің құдыретті күші бар екенін, адам сенгенде тек қана ішкі әсер алмайды, сонымен бірге адам ішкі тұрмыстық күйзелістен құтылатынын айтты.

Кездесудің соңында, имам өзге тірі тіршіліктен адамның айырмашылығы, оның ақыл-парасаттылығымен жасалған. Сондықтан имам барлық қатысушыларға кез келген сипаттағы мәселелерді, ойланып барып шешу керек екенін түсіндірді.

Қостанай облысының
МКҚБ Кадр және тәрбие
жұмысы бөлімі

«Мүлдем төзбеушілікке» орай нақты жұмыс жүргіздеміз

Құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» қағидатын қалыптастыру мақсатында Құсмұрын станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері қызмет көрсету учаскесінде азаматтардың тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті бұзатын құқық бұзушылықтардың алдын алуға және ескертуге бағытталған нақты жұмыс жүргізіп келеді.

Сондай-ақ, Желілік полиция бөлімшесі қызметкерлері теміржолға жақын орналасқан оқу орындарының оқушыларына, темір жол ұйымдарының ұжымдарына және халыққа : «Құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік», «Темір жол аса қауіпті аймақ», «Абайлаңыз, поезд», «Есірткісіз өмір» және т.б. тақырыптарына тұрақты түрде дәрістер,

әңгімелер жүргізеді. Осындай іс-шаралар барысында полиция қызметкерлері құқық бұзушылықтар мен тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушіліктің негізгі қағидаттарын, құқық бұзушылықтары үшін жауапкершіліктері мен нормаларын, азаматтардың қоғамдық жерлерде жүру ережелерін, сондай-ақ, құқық бұзушылықтың құрбаны болмауын түсіндіреді.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен көзделген «ұсақ бұзақылық», яғни жеке тұлғаларды мазаалау, тұрғын үй-жайларды бүлдіру, ортақ пайдаланатын саябақтарды, оның ішінде белгіленбеген жерлерде коммуналдық қалдықтарын лақтыру және басқа да жеке тұлғалардың тыныштығы мен қоғамдық тәртіпті бұзатын әрекеттері көзделген. Осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттері үшін

заң жүзінде он айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеу санкциясы немесе он тәулікке әкімшілік қамауға алуы көзделген.

Өзіміздің осы бағыттағы атқарып жүрген нақты жұмысымыз туралы айта кетсем, 2018 жылғы бірінші онкүндік ішінде Желілік полиция бөлімшесінің қызметкерлері қоғамдық орындарында әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ҚР ӘҚБТК-нің 434-бабы 1-бөлігімен көзделген 3 құқық бұзушыны әкімшілік жауапкершілікке тартты. Әрбір құқық бұзушыға 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салу туралы сот қаулысы шығарылды, ол 24 050 теңге құрайды.

Е. ЕЛУКЕНОВ,
Құсмұрын ст. ЖІБ бастығы
полиция капитаны